

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
ДББҰ Басқармасының
2024 жылғы 11 қантардағы шешімімен
бекітілді (№3 хаттама)
2025 жылғы «30» мамырдағы
(№23 хаттама) шешімімен енгізілген
өзгерістерге сәйкес

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН АККРЕДИТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ
ЭКСПЕРТТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу жөніндегі эксперттік комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Эксперттік комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) мәртебесін, міндеттерін, қалыптасу тәртібін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

2. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – ДББҰ) басқару органдарының шешімдерін, осы Ережені және ДББҰ-ның өзге де ішкі актілерін басшылыққа алады.

3. Комиссия – білім беру ұйымдарын тәуелсіз бағалау және аккредиттеу мәселелері жөніндегі ДББҰ-ның «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалының (бұдан әрі – ПӨО) жұмыс органы.

4. Комиссияның құрылуы мен жұмысын ұйымдастыруды ПӨО қамтамасыз етеді.

2. Комиссияның міндеттері

5. Комиссияның міндеттері:

1) білім беру ұйымына сыртқы бағалау жүргізу барысында эксперттер командасымен өзара іс-әрекетті жүзеге асыру, кеңес беру және қолдау көрсету;

2) білім беру ұйымының сыртқы бағалау қорытындылары бойынша есепті қажет болған жағдайда аккредиттеу стандарттарына сәйкес талдау және редакциялау.

3. Комиссия құрамы және оны қалыптастыру тәртібі

6. Комиссия тұрақты негізде құрылады.

7. Комиссия құрамы, Комиссия төрағасы мен Төрағаның орынбасары ДББҰ Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасарымен келісіле отырып ПӨО директорының бұйрығымен бекітіледі.

8. Комиссияның құрамы кемінде 5 (бес) мүшеден тұрады және оған мыналар кіреді:

- магистр, PhD докторы немесе ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі бар немесе институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу саласында немесе аккредиттелетін білім беру ұйымының мамандарын даярлау бейіні бойынша жұмыс тәжірибесі бар кәсіби қауымдастықтың өкілі болып табылатын шетелдік сарапшы;

- магистр, PhD докторы немесе ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі бар ДББҰ (келісім бойынша) және оның филиалдарының штаттық қызметкерлері.

Комиссия құрамына аккредиттеу саласында тәжірибесі бар білім беру ұйымдарының өкілдері де кіруі мүмкін.

9. Комиссия жұмысын ұйымдастыру үшін ПӨО директорының бұйрығымен комиссия мүшесі болып табылмайтын және дауыс беруге құқығы жоқ Хатшы тағайындалады.

10. Алынып тасталды.

11. Комиссия төрағасы:

1) Комиссияның жұмысын ұйымдастырады, оған қатысады және комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуына жеке жауапты болады;

2) Комиссия мүшелері арасындағы функционалдық міндеттерді бөледі;

3) Комиссия отырысын өткізу күні мен күн тәртібін айқындайды, комиссия отырыстарын жүргізеді;

4) Комиссия атынан комиссия қызметіне байланысты барлық құжаттарға қол қояды.

12. Комиссия мүшелері:

1) өз міндеттерін орындауға қажетті ақпаратты алуға;

2) отырыстарға, қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

3) видеоконференция режиміндегі отырыстарға қашықтан қатысуға құқылы.

13. Комиссия мүшелері:

1) Комиссия мүшесінің қызметін уақтылы және сапалы жүзеге асыруға;

2) қызмет барысында алынған ақпаратты аккредиттеу кеңесі ресми шешім қабылдағанға дейін жария етпеуге;

3) Білім беру ұйымымен кез келген байланыс немесе Комиссия қызметінің объективтілігі мен бейтараптығына әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысы туралы Комиссия хатшысын хабардар етуге;

4) ДББҰ-ның коммерциялық құпиясын және өзге де құпия ақпараттан тұратын мәліметтерді үшінші тұлғаға жария етпеуге;

5) Комиссия отырыстарына қатысуға міндетті.

14. Комиссия хатшысы – комиссия жұмысының құжаттамасына жауапты тұлға.

15. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия мүшелерінен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстарды уақтылы беруін талап етуге;

2) Комиссияның күн тәртібіне енгізген мәселелері бойынша кез келген қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға;

3) осы ережеге және комиссияның тапсырмаларына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

16. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия мүшелерін Комиссия отырысының өткізілетін күні, орны және уақыты туралы хабардар етуге;

2) Комиссияның жұмысы үшін қажетті материалдар мен құжаттарды ұсынуға;

3) Комиссия отырысы хаттамаларының түпнұсқаларын және оларға қоса берілетін материалдарды сақтауға, оның ішінде электрондық форматта сақтауға, сондай-ақ мұрағаттық сақтау және жою үшін құжаттарды белгіленген тәртіппен дайындауға;

4) Комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындауға;

5) ДББҰ-ның коммерциялық құпиясын және өзге де құпия ақпараттан тұратын мәліметтерді үшінші тұлғаға жария етпеуге міндетті.

4. Комиссияның ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекеті

17. Комиссияның ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшелерімен, филиалдарымен немесе еншілес ұйымдарымен өзара іс-әрекеті ДББҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Комиссия ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінен, филиалдарынан немесе еншілес ұйымдарынан Аккредиттеу мәселелері жөніндегі комиссияның міндеттерін қорытындылауға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

19. Комиссияның ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшелерімен, филиалдарымен

немесе еншілес ұйымдарымен өзара іс-әрекет барысында алынған барлық ақпарат комиссия хатшысында сақталады.

5. Комиссия құзыреттері

20. Осы ережеде айқындалған міндеттерді шешу үшін Комиссия:

1) білім беру ұйымын сыртқы бағалау барысында туындайтын мәселелер бойынша эксперттерге кеңес беруге;

2) белгіленген аккредиттеу стандарттарына сәйкес білім беру ұйымының қызметін сыртқы бағалау нәтижелері бойынша есепті қажет болған жағдайда талдауға және редакциялауға уәкілетті.

6. Қорытынды ережелер

21. Осы ережемен реттелмеген мәселелер ДББҰ-ның бекітілген нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

22. Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар ДББҰ Басқармасының шешімімен енгізіледі.